



САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Қазақстанның батыс өңіріндегі жоғары білікті кадрлары, бәсекеге қабілетті білім беру, ғылыми, ақпараттық және материалдық-техникалық базасы бар, заманауи талаптарға жауап беретін жетекші жоғары оқу орны болып табылады.

Университет өңір мен елдің инновациялық дамуын қамтамасыз ететін, сондай-ақ білім беру жүйесін Болон декларациясының қағидаттарына сәйкес жаңғыртуға бағытталған үш деңгейлі кадрлар даярлауды жүзеге асырады. Университет өз қызметінде тұтынушыға және еңбек нарығының талаптарына бағдарланады, сондай-ақ нормативтік-құқықтық және заңнамалық талаптарды басшылыққа алады.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің миссиясы: ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген білікті маман мен «кемел тұлғаны» қалыптастыру..

Университеттің бағдары: Қазақстанның батыс өңірін білікті кадрлармен қамтамасыз ететін және қолданбалы ғылымның өзегіне айналған көпсалалы классикалық жоғары оқу орны.

Университеттің құндылықтары:

- ✓ академиялық жетістік
- ✓ адалдық
- ✓ ашықтық және ынтымақтастық
- ✓ білім берудің жоғары сапасы
- ✓ әлеуметтік белсенділік және азаматтық бастама
- ✓ көшбасшылық және креативтілік
- ✓ адамдарға құрмет пен қамқорлық
- ✓ ғылым мен инновацияның бірлігі

Сапа саласындағы саясаттың негізгі қағидаттары:

- еңбек нарығы мен қоғамның қажеттіліктеріне бағдарлану
- барлық қызмет салаларында сапаны қамтамасыз ету, үздіксіз жетілдіру
- шешім қабылдауда құзыреттілік пен алқалылық, қабылданатын шешімдердің экономикалық тиімділігі
- барлық қызмет салаларындағы ашықтық

Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаттың стратегиялық бағыттары:

- Батыс Қазақстанның еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес білім беру сапасының деңгейін қамтамасыз ету
- инновациялар мен ғылыми жетістіктерді өндіріске және өмірдің басқа да салаларына енгізу
- бірлескен инновациялық бағдарламаларды іске асыру үшін серіктестермен академиялық байланыстарды дамыту
- университеттің цифрландыруын және технологиялық жаңаруын дамыту
- университеттің қаржылық-экономикалық тұрақты дамуын қамтамасыз ету
- кәсібилігімен, жалпы мәдениетінің жоғары деңгейімен және патриоттық құндылықтарымен ерекшеленетін үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу

Қ.Жұбанов атындағы АӨУ-дың стратегиялық даму векторлары:

- Академиялық жетілдіру: өңірге маңызды білім беру бағдарламалары, пәнаралық бағыттылық, практикаға бағдарлану, тілдік білім беру сапасы, академиялық ұтқырлық бағдарламалары
- Ғылыми мектептер мен перспективалық зерттеулерді дамыту: зерттеу жобалары, магистратурадан бастап интеграцияланған PhD бағдарламалары, кешенді зерттеулер

- Таланттарды қалыптастыру және өзгерістер командаларын құру: таланттарды әлеуметтік қолдау, болашақ мамандарды кәсібилендіру, нақты жобалар алаңы
- Өңірдің дамуына үлес қосу: өңірдің қоғамдық дамуының драйвері, «ЖОО–өндіріс» интеграцияланған жүйесі, білім беру хабы, кәсіпкерлік хаб

Университеттің сапаны қамтамасыз ету саласындағы негізгі стратегиялық мақсаттары:

- кадрлық саясатты жетілдіру және қызметкерлер мен профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру
- оқу үдерісін ұйымдастыру мен мазмұнын жетілдіру
- материалдық-техникалық базаны нығайту
- елдің және өңірдің индустриялық-инновациялық даму бағыттарына сәйкес бәсекеге қабілетті кадрлар даярлау
- ғылымның өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосатын үлесін арттыру
- университеттің инновациялық жүйесін дамыту және ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін өндіріске енгізу
- ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау
- халықаралық ынтымақтастықты дамыту
- Болон процесінің қағидаттарына сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесін интернационалдандыру бағытындағы университет қызметін жандандыру
- шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлескен білім беру бағдарламаларын ашу және халықаралық іс-шараларға қатысу үшін халықаралық байланыстарды орнату
- университетті Smart University форматына трансформациялау
- білім беруді цифрландыруды кеңейту және ІТ инфрақұрылымды дамыту
- білім алушылар контингентін қалыптастыру әдістерін жетілдіру
- қаржылық-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету
- тұлғаның рухани-адамгершілік, эстетикалық және еңбек тәрбиесін жетілдіру
- болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігі мен бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру үшін жағдай жасау
- жаңа жастар бастамаларын қолдау

Университет мақсаттарын іске асырудың негізгі факторлары:

- университеттің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуде командалық жұмыс
- өкілеттіктерді делегирлеу
- үздіксіз білім алу
- еңбек жағдайларын қамтамасыз ету
- жетістіктер мен табыстарды мойындау

Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат университеттің даму стратегиясының ажырамас бөлігі және оның қызметін жоспарлаудың негізі болып табылады.

Университет білім беру, ғылым және заманауи технологияларды интеграциялау негізінде сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясатты іске асыруға барлық күш-жігерін бағыттауға, сондай-ақ білім беру саласындағы жаһандық өзгерістерге, еңбек нарығының ағымдағы және болжамды талаптарына, стейкхолдерлердің пікірлеріне жедел жауап беруге кепілдік береді. Бұл өз кезегінде өңір мен елдің инновациялық дамуы үшін адами капиталды қалыптастыруға лайықты үлес қосуға бағытталады.

«Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат» 2026 жылғы 27 наурыздағы Ғылыми кеңес шешімімен (№9 хаттама) қаралып, бекітілді.